

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 183 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 628 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 183 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 21, 269-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім-жітім деңгейін төмендету» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Аурулардың профилактикасы, емдеу және оңалтудың тиімді жүйесі» деген 1.1-мақсатта:

«Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру әдістемелерін жетілдіру» деген 1.1.1-міндетте:

тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 27-1-жолмен толықтырылсын:

«

27-1.	Денсаулықты басқару бағдарламасын енгізу			X	X	X
-------	------------------------------------------	--	--	---	---	---

»;

«Негізгі әлеуметтік мәні бар ауруларды және жарақаттардың диагностикасын, емдеуді және оңалтуды жетілдіру» деген 1.1.3-міндетте:

тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шараларда: реттік нөмірі 50-жол:

«

50	Жоғары технологиялық көмектің жаңа түрлерін енгізу есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін кезең-кезеңмен кеңейту	X	X	X	X	X
----	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---	---	---	---	---

»

мынадай редакцияда жазылсын:

«

50	Жоғары технологиялық көмектің жаңа түрлерін енгізу есебінен және 16 жасқа дейінгі балаларға медициналық қызмет көрсету бөлігінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін кезең-кезеңмен кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу			X		
----	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	---	--	--

»;

«Білім беру және ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу» деген 1.2 - мақсатта:

«Кадр ресурстарын және медицина ғылымын дамыту» деген 1.2.1-міндетте: тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 81-1-жолмен толықтырылсын:

«

81-1.	Халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық білім беруді институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын әзірлеу			X		
-------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	---	--	--

»;

«Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру» деген 2-стратегиялық бағытта: «Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген 2.1-мақсатта:

«Денсаулық сақтау ұйымдарын басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру» деген 2.1.1 - міндетте:

тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 121-1-жолмен толықтырылсын:

«

121-1.	Қазақстан Республикасында электрондық денсаулық сақтауды дамытудың 2013 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу			X		
--------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	---	--	--

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*